



4-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ. СОТ ӨНДІРІСІ, 1-БӨЛІМ (1)

Англияның азаматтық процесінің
кіріспе сипаттамасы



Дәріс сабағының сұрақтары

1. Өртүрлі мемлекеттердің азаматтық процесін зерттеудің салыстырмалы-құқықтық әдісінің жалпы сипаттамасы?
2. Шетелдік құқықтық жүйелердегі азаматтық процесілік құқықтың түсінігі?
3. Ағылшын азаматтық процесілік құқығының түсінігі, қайнар көздері және қағидалары?
4. Қазақстан мен Англияның азаматтық процесі: кейбір айырмашылықтар.

1. ӨРТҮРЛІ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСІН ЗЕРТТЕУДІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ӘДІСІНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Ағылшын азаматтық процесін ғылыми немесе оқу-білімдік зерттеу салыстырмалы-құқықтық зерттеу әдісінің негізінде жүргізілуі тиіс. Тек осы жағдайда ғана мұндай зерттеу оң нәтиже бере алады.

№	Салыстырмалы зерттеуді ұйымдастыру қағидалары
1	Объективтілік қажеттілігі: <ul style="list-style-type: none"> • белгілі бір құқықтық жүйеге қатысты алдын-ала теріс ұғымның болмауы; • әрбір құқықтық жүйенің өз артықшылықтары мен кемшіліктері бар екенін мойындау; • құқықтық жүйелерді мақтау әлде сынау емес, олардың қалыптасуының тарихи алғышарттарын түсінуге байланысты мақсат қою.
2	Шетелдік заңнаманы талдаудың қателігіне толық еместігіне жол бермеу үшін, шетел құқығын, ең алдымен, бастапқы дереккөздер негізінде зерттеу қажеттілігі.
3	Шетелдік құқықтық тәртіпті, ұлттық құқықтық сана арқылы қабылдау мәселесін ескеру, әсіресе, шетелдік құқық терминіне әдеттегі түсінік беру жағынан.
4	Құқықтық нормалардың қалыптасуындағы тарихи және әлеуметтік жағдайларды ескеретін, жүйелілік және кешенділік.
5	Шетелдік норманы қолдану практикасын талдау қажеттілігі.
6	Заңдардың күшіне ену уақыты мен олардың жарамдылығын ескеру қажеттілігі.
7	Ұлттық құқық үшін қызығушылық туғызатын, шетелдік құқық ерекшеліктерінің болуын ескеру, сонымен қатар салыстыру объектілерінің жақындығы дәрежесін есепке алу.

2. ШЕТЕЛДІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДЕГІ АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСІЛІК ҚҰҚЫҚТЫҢ ТҮСІНІГІ

№	Ағылшын-американдық құқықтық жүйесіндегі азаматтық процесілік құқық теориясының ерекшеліктері
1	Көбінесе зерттеудің түсіндірме (комментаторлық) әдісі қолданылады, осы себептен ғылыми және оқу еңбектерінің көпшілігі, тәжірибедегі нақты сұрақтарға қатысты болады.
2	Көпшілік анықтамалардың публицистикалық сипаты (мысалы, АПҚ кез-келген талап-арыз бойынша басынан аяғына дейін жүретін өндіріс ретінде анықталады).

Азаматтық процесілік құқықтың (АПҚ) анықтамасы көптеген құқықтық жүйелерде шамамен бірдей беріледі: АПҚ — жеке-құқықтық дауларды қарастыру мен шешудің соттық тәртібін реттейтін, бір тәртіпке келтірілген нормалар жиынтығын білдіретін бөлек құқық саласы.

АПҚ пәніне жиі қосылып отыратын қатынастар

- әділет органдарын ұйымдастыруға байланысты қатынастар;
- қамтамасыз ету өндірісі;
- атқарушылық өндіріс;
- аралық соттарда (арбитраж) дауларды шешу тәртібі.

№	АПҚ теориясында дау тудыратын кейбір сұрақтар:
---	--



1	- анықтамалық заңның ағылшын-американдық құқық жүйесінде АПҚ-дан бөлек, сот дәлелдерін реттейтін ережелер жүйесі ретінде дәлелдемелер құқығының (evidence law) жеке саласы боп шығарылуы;
2	- шетелдік элементпен күрделенген қоғамдық қатынастар ерекше мағынаға ие болуына байланысты, халықаралық азаматтық процестің АПҚ-дан бөлек тәуелсіз жеке саласы ретінде бөлініп шығарылуы;
3	- бірқатар процестік институттар бойынша (соттылық, сот қаулыларының орындалуы, сот құжаттарын тапсыру, дәлелдемелерді зерттеу, құқықтық ақпаратпен алмасу) сот өндірісінің унификацияланған нормаларын қамтыған жаңа кешен ретінде еуропалық азаматтық процестік құқықты бөліп шығару;
4	- дербес регламенттері бар (соттар немесе трибуналдар деп аталатын) органдардың қызметін АПҚ пәніне жатқызу туралы пікірталас.

Азаматтық процестің жария құқық саласы ретіндегі белгілері:

- құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге бағыттылығы;
- мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану мүмкіндігі.

Әр түрлі құқық жүйелеріндегі АПҚ құқықтық реттеу әдісі:

1. Роман-германдық құқық жүйесі: азаматтық процестің жоғары дәрежеде формальдылығына байланысты көбінесе императивті реттеу әдісінің қолданылуы.
2. Ағылшын-американдық құқық жүйесі: көбінесе диспозитивті реттеу әдісі. Англия мен АҚШ-та судьяларға процесті реттеу бойынша дискрециялық өкілеттіліктерді беру қажеттілігі туралы идеялардың кең таралуы (бейресми істерді қарау тәртібі төменгі сот сатыларында қолданылады).

№	Ағылшын-американдық АПҚ-ң айрықша ерекшеліктері:
1	материалдық салаларға қарағанда іс жүргізу құқығының жетекші жағдайы — құқық жүйесінде ерекше мәнге ие;
2	шектен тыс күрделілігі мен процестік форманың әмбебаптығының болмауы;
3	ерекше ережелер бойынша жұмыс істейтін көптеген мамандандырылған соттардың болуы;
4	істердің жекелеген санаттарын қарау үшін сот өндірісінің жалпы ережелерінен бөлек арнайы нормалардың көп болуы;
5	жергілікті (локалды) сипаттағы (істердің белгілі бір түрін қарау кезінде қолданылатын) институттар санының көптігі.

№	АПҚ-мен реттелетін қатынастар:
1	құқықтың қайнар көздері, процеске қатысушылар, дәлелдемелер, талап-арыздар, сот шығындары туралы жалпы ережелер;
2	процедуралардың сатылар бойынша дамуы (істі қозғау, оны сот талқылауына дайындау, оны мәні бойынша қарау, шағымдану кезеңдері);
3	сот ісін жүргізу түрлерінің және оңайлатылған рәсімдердің (процедуралардың) ерекшеліктері (мысалы, Қазақстанда әдеттегі талап қою іс жүргізуімен қатар бұйрық арқылы іс жүргізу мен жеңілдетілген іс жүргізу бөлек реттелген, Англияда бағасы төмен талап-арыздар негізіндегі іс жүргізу және жеделдетілген іс жүргізу жеке реттелген).

3. АҒЫЛШЫН АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСТІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ТҮСІНГІ, ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ ЖӘНЕ ҚАҒИДАЛАРЫ

Англия юриспруденциясына тән ерекшеліктер



№	Іс жүргізу құқығының ағылшын теориясындағы кемшіліктері
1	Жалпы құқықтық санаттар мен дефинициялардың дамытылмағандығы. Іс жүргізу құқығының реттеу объектісінің проблемалары қозғалмайды. Осының барлығы құқық саласы ретіндегі АПҚ-ң шекаралары туралы нақты түсініктің болмауына алып келеді.
2	Заңи нормалар жүйесі ретіндегі іс жүргізу құқығымен ол нормаларды іске асыру қызметі ретіндегі процестің ара қатынасы туралы теориялық жұмыстардың болмауы. Континенттік (роман-германдық) дәстүрге сәйкес осы ұғымдардың автономиясы (дербестігі) соттар мен басқа да органдардың тиісті нормаларды мүлтіксіз сақтауы туралы талаптардың болмауына әкеп соғады, бұл нәтижесінде заңдылық қағидатын бұзуға әкеп соғуы мүмкін.
3	Сот ісін жүргізу туралы нормаларды бекіту нысандарының теория жағынан жеткіліксіз зерттелуі. Азаматтық процеске арналған жұмыстарда соттар қызметін реттеудегі статуттардың, заңға тәуелді актілердің, прецеденттердің орны, рөлі, үлес салмағы және арақатынасы туралы мәселелерді қарастыратын бөлімдердің болмауы. Бұл Англияның әділет органдарымен регламенттер жасау бойынша үлкен ерекшеліктері бар әдістері жөнінде толық түсінік қалыптастыруға кедергі келтіреді.

Көрсетілген кемшіліктердің себептері:

- ағылшын-американдық құқық отбасының тек қана «қолданбалы» дефинициялармен заңи құрылымдарды талап еткен сот тәжірибесі арнасында тарихи қалыптасуы мен дамуы;
- заң практикасымен байланыспаған «таза» заңи дефинициялардың сұранысқа ие болмауы.

Англия сот жүйесінің ерекшелігі: жалпы соттардан басқа, сот деп аталатын, бірақ даулардың кейбір түрлерін ғана шешетін бірқатар мекемелердің, сондай-ақ жеке құзыретке ие әртүрлі үлгідегі трибуналдардың көп болуы.

Осы мамандандырылған органдардың барлығы өз регламенттеріне ие, бірақ ағылшын заң әдебиетінде соңғы уақытқа дейін мұндай регламенттерді азаматтық іс жүргізу құқығының бір бөлігі деп санауға және оның қағидаттары тұрғысынан бағалауға болады ма деген сұраққа жауап болмады.

Ағылшын іс жүргізу теориясына сәйкес азаматтық сот өндірісінің негізгі міндеттері - азаматтық процесте кез келген адамға кепілдендірілуі тиіс әділдік, бейтараптылық, ізгілік қағидаттарын қамтамасыз ету.

№	Ағылшын сот төрелігінің мақсаттары
1	Жеке меншікті, компаниялар мен мемлекеттің мүлкін қорғау. Бұл мақсат азаматтық іс жүргізу құқығы, оның жекелеген институттары, сондай-ақ ағылшын сот төрелігінің кез келген буындары үшін ортақ болып табылады.
2	Өз құзыреті шеңберінде құндылықтардың орын ауыстыруын, қызметтер көрсетуді, коммерциялық операцияларды бақылау, яғни шаруашылықтың нарықтық жүйесін қорғау. Соттар міндеттемелерді орындауға және серіктерінің залалдарын өтеуге мәжбүрлей отырып, бизнесті жүзеге асыру үшін қажетті жағдай туғызады.
3	Қолданыстағы құқықтық тәртіпті қолдау. Атап айтқанда, соттар ескі заңдардың мәтіндерін өзгертпей, оларға қазіргі заманғы талаптар рухында жаңа түсінік береді, сондай-ақ нақты құқықтық қатынастарды егжей-тегжейлі реттейтін көптеген статуттар мен заңға тәуелді актілерді іске асырады.



4	Халықты тәрбиелеу. Бұған іс жүргізудің салтанатты рәсімі, судьялардың бейтараптығы және азаматтық сот ісін жүргізудің басқа да ерекшеліктері ықпал етеді. Ағылшын юстициясы халыққа жеке меншік, нарықтық экономика, мемлекет, құқық, дін, мораль, дәстүр сияқты институттарды құрметтеуді үйретуге ұмтылады.
---	---

№	Азаматтық процестегі заңдардың рөлі
1	Парламент бекітетін статуттар (заңдар) жоғары заң күшіне ие актілері болып саналады, бірақ мұндай актілермен азаматтық процестің жекелеген мәселелері ғана реттелген. Заңдардың азаматтық сот ісін жүргізудегі рөлі төмендеу.
2	Кодификацияның болмауы (Вульф реформасына дейін). 1965 жылы басталған "құқық реформасы" жөніндегі науқанның басты құралы ретінде әрекет еткен шоғырландыру (консолидация) әдісі арқылы азаматтық процес саласындағы парламенттік норма шығармашылықтың бөлшектілігін жою мүмкін емес болып шықты.
3	Тапсырылған заңнаманың кеңінен пайдаланылуы (іс жүзінде ол заңға бағынышты нормативтік актілер).
4	1925 ж., 1959 ж., 1952 ж., 1971 ж. және т.б. статуттары іс жүргізу регламенттерін әзірлеуді Лорд-канцлер басқаратын, ал мүшелері судьялар мен адвокаттар болып табылатын арнайы комитеттерге беру дәстүрін бекітеді. Комитеттер құрған және бекіткен әр түрлі инстанциялардың жұмыс тәртібін немесе азаматтық істердің кейбір санаттарын қараудың тәртібін белгілейтін сот ісін жүргізу Ережелерін Парламентке (егер Ережелер жоғары соттарға арналған болса) жібереді және олар, егер қандай да бір палаталармен жоққа шығарылмаса, мақұлданды деп есептеледі. Төменгі соттар қызметін реттейтін ережелер Лорд-канцлермен мақұлданады.

Бүгінгі Англияда азаматтық іс жүргізудің жаңартылуы Парламент заңдарымен, ал көбінесе тапсырылған заңнаманың көмегімен жүзеге асырылады (мысалы, 1998 жылғы Азаматтық сот ісін жүргізу ережелері).

№	Ағылшын процестік құқығының бөлшектілігі:	
1	БК Жоғарғы Соты	Сот ісін жүргізудің жеке ережелері бар.
2	Графтық пен магистрат соттары	Өздерінің ерекше регламенттері бар.
3	Соттардың басқа (әртүрлі) санаттары үшін	Банкроттық, өсиеттер, отбасылық істер туралы істерді қараудың дербес ережелері қолданылады.
4	Соттардың басқа (әртүрлі) санаттары үшін	Теңіз және сауда істері, мемлекет қатысатын істер және т.б. сот өндірісінің ерекше ережелері бар.

Қорытынды: Англияның процестік құқығының сыртқы бірлігі және ішкі бөлшектілігі оның күрделілігін еселеп арттырады және бұдан туған салдар да жағымсыз болмақ.

Әртүрлі атаудағы сот ісін жүргізу ережелері және кейбір тапсырылғын заңнама актілері сот ісін жүргізу тәртібін егжей-тегжейлі реттейді.

Бірақ Англияда құқықтың қайнар көздерінің тағы бір түрі бар – ол, сот прецеденті.

№	Англияның азаматтық процесі үшін сот прецеденттерінің маңызы:
1	Түп нұсқалық нормаларды белгілейді;
2	Заңнаманы түсіндіреді (қазіргі Англияның азаматтық процесінде таралған). Түсіндіруді өзгерту заңнамалық жаңалықтарға жүгінбестен, ескі құқықтық нормаларды нақты жағдайға бейімдеуге мүмкіндік береді;
3	Нормативтік актілердегі олқылықтарды толықтырады.

Англияның азаматтық процесі дамуының тарихи аспектілері

Англияда XI-XIII ғғ. алқабилердің қатысуымен айыптау жарыс (бәсеке) түріндегі азаматтық процесс



бекітіле бастады.

Орта ғасырларда Еуропа құрлығында үстем болған сот ісін жүргізудің инквизициялық әдістері азаматтық процеске терең тамыр жібере алмады.

XVIII ғ. ағылшын революциясынан кейін бұрын қалыптасқан сот төрелігі аппараты өзгертілген жоқ.

Нарықтық қоғам талаптарына сай келмейтін сотты ұйымдастыру және сот өндірісінің ескірген институттары ары қарай қолданылып келді және тек XIX ғасырдағы көптеген реформалар ғана ағылшынның процесілік құқығын орта ғасырлар дәуірінен қалып, әбден ескіріп үлгерген нормалардан тазартты.

Англияның сот ісін жүргізу қағидалары:

Әртүрлі соттар үшін және істердің жекелеген санаттары үшін белгіленген түрлі регламенттердің айырмашылығы, әртүрлі қайнар көздердің көптігі Англияның азаматтық процесілік құқығының ішкі бірлігін бұзбайды.

Өйткені, бұл бірлік сот ісін жүргізу қағидаттарымен қамтамасыз етіледі. Оларға біз бөлек тақырып арнаймыз. Ал, бұл жерде осы қағидаттардың тек қана жалпы көрінісін беру қажет болады.

Сот ісін жүргізу қағидалары сот төрелігін жүзеге асыру тәжірибесіне үлкен әсер етеді.

Олар прецеденттер болмаған жағдайда нормативтік материалдардағы ақтандақтарды жоюға мүмкіндік береді. Егер мәселе Апелляциялық сот немесе БК Жоғарғы соты алдында орын алса, онда олардың шешімі прецеденттің туындауына әкеп соғады.

Алайда, нормалармен реттелмеген мәселелер төменгі деңгейдегі соттар алдында да пайда болады. Сонда олар азаматтық процесс қағидаларын басшылыққа алады және осы қағидалар сот органдарының іс жүргізу нормаларын тиісінше түсіндіруін және қолдануын қамтамасыз етеді.

Англия соттары қызметінің ең маңызды қағидаларына жариялылық, тараптардың теңдігі, диспозитивтілік, бәсекелестік, формальды ақиқат, іс жүргізу формализмі жатады.

Жариялылық қағидасы: орта ғасырлық Англияда «жалпы құқық» соттары азаматтық істерді ашық талқылайтын (әрине, кейбір ерекше жағдайларды есептемегенде), ал сол кезде құрлықтық Еуропа елдерінде әділет органдары жасырын жұмыс істейтін еді. Ашық процестер әділет органын қоғамның бақылау мүмкіндігін арттыратыны белгілі. Жариялылық қағидасын сақтамайтын біраз ережелер канцлер соты мен шіркеу соттарында орын алды.

Бүгінгі күні жариялылық қағидасының шектелетін жағдайлары тек сот төрелігінің мүдделері қажет етсе, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, коммерциялық, банктік, өнеркәсіптік және басқа да құпияларды сақтау қажеттілігі болса ғана орын алуы мүмкін.

Тараптардың теңдік қағидасы. Процес тараптары құқықтарының теңдігі адамдардың теңдік қағидасының көріністерінің бірі болып саналады.

Диспозитивтілік қағидасы - мүдделі тұлғалардың материалдық құқықтарға және оларға тығыз байланысты іс жүргізу өкілеттіктеріне билік ету мүмкіндігі. Бұл қағида меншік иесінің автономиясынан, шарт бостандығынан т.б. туындайды. Диспозитивтілік, талап қою, оның элементтерін анықтау, мәлімделген талаптардан бас тарту не оларды тану, бітімдесу, шешімдерге шағым келтіру бойынша және т.б. іс-әрекеттерді реттейтін нормалармен бекітілген.

Бәсекелестік қағидасы процесілік өкілеттіктер мен міндеттерден өзінің нақтылығын табады. Ол өкілеттіктер мен міндеттер болса дәлелдеу затын (пәнін) анықтауға, дәлелдемелерді жинауға, оларды зерттеуге, іс нәтижесіне әсер ететін әртүрлі дәлелдерді ұсынуға байланысты болмақ.

Бәсекелестіктің мақсаты мен нәтижесі-формальды ақиқат, яғни күштірек тараптың жеңіске жетуі. Осы арқылы формальды ақиқат қағидасы да көрініс табады.

Бүгінгі күнде фактілерді зерттеу және дәлелдемелерді жинау саласында соттың белсенділігінің күшеюі үрдісі байқалуда.



4. ҚАЗАҚСТАН МЕН АНГЛИЯНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСІ: КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Англия мен Қазақстанның азаматтық процесі пайдаланылатын тәсілдерге негізделген бірқатар айырмашылықтарға ие, олардың кейбіреулеріне тоқтау керек.

Мысал:

1. Англияның сот процесінде жауапкер емес, талапкер соңғы болып сөз сөйлейді, бұл қазақстандық көзқарасқа қайшы келеді (ҚР АПК 217-бабының 2-тармағы). Англияда талапкердің мұндай құқығы талапкерге жүктелген дәлелдеу ауыртпалығымен түсіндіріледі. Осыған байланысты оған соңғыболып сөз сөйлеу құқығы беріледі.

Жауапкердің соңғы болып сөз сөйлеу құқына келсек, оның тамыры айтарлықтай ерекшеленетін қылмыстық процеске кетеді. Осы себепті, ағылшын сот ісін жүргізуде бұл тәсіл бекітілді, ол азаматтық процес рухына, қағидаларына және міндеттеріне көбірек сәйкес келеді.

Мысал:

2. Ағылшын азаматтық процесінің кейбір институттары қазақстандық заңнамада да бекітілген, алайда олардың өзіндік ерекшелігі бар. Мысалы, тараптардың бірі келмесе де сот талқылауын жүргізу. Бұл ережелер ҚР АПК-де қарастырылған.

Ерекшелік тараптардың бірі келмеген жағдайда ағылшын судьясы келген тарапқа келмеген тараптың пайдасына ақылға қонымды дәлелдерді тұжырымдау міндетін жүктеуге құқылы. Бұл ереженің мақсаты-сот сырттай негізді шешім шығару үшін мүмкіндігі болуы керек. Адвокаттар мен заңгерлердің құқықтық мәдениеті мүлдем басқа Қазақстан жағдайында бұл ережені жақын арада қабылдау мүмкін емес екені түсінікті. Отандық сотта қарсылас тараптардан келмей қалған тараптың мәлімдеуі мүмкін дәлелдердің бейтарап баяндалуын күтуге болмайды.

Англияның азаматтық процесінде бұл ереже жұмыс істейді, себебі барристерлер, әдетте, клиенттермен тікелей келісім жасамайды (қазақстандық адвокаттар мен заңгерлерге қарағанда), олар өздерін сот төрелігінің қызметкерлері деп санайды. Осы фактіге байланысты олар сот төрелігінің мүддесін клиенттердің мүдделерінен жоғары қояды.

Мысал

3. Қазақстандық азаматтық процесітегідей, Англияның процесінде қайта талап қоюға жол берілмейді (егер талап қоюдың заты, негіздері бірдей және тараптарыда бірдей болған кезде).

Алайда Англияда бұл талап қоюдың негіздеріне қатысты «эстоппель» (қарсылыққа тыйым салу) институтын пайдалану жолымен, ал Қазақстанда іс бойынша өндірісті тоқтату институты арқылы шешіледі.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Здрок О.Н. «Гражданский процесс зарубежных стран». Курс лекций: Учебное пособие. – Мн.: БГУ, 2004. – 147 с.
2. Эндрюс Н. «Система гражданского процесса Англии: судебное разбирательство, медиация и арбитраж» // пер. с англ.; под ред. Р.М. Ходыкина; Кембриджский ун-т. – М.: Инфотропик Медиа, 2012. – 544 с.
3. Пучинский В.К. «Гражданский процесс Англии: критический анализ общих понятий, принципов и институтов». Дис.докт. юрид. наук. – М., 1975.
4. Айдарбаев С.Ж., Түменбаев С.А. «Қазақстан Республикасының және шетелдердің азаматтық іс жүргізу құқығы». Оқу құралы. - Алматы: Таңбалы баспасы, 2012. - 270 бет.